Jaqsynyń aty ólmeıdi, álimniń haty ólmeıdi

BUQAR JYRAÝ JARSHYSY

№39
(1682)

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazeti Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 jyldyń 12 sáýirinen bastap shyǵady Газета издается с 12 апреля 1939 года

3

qazan 2026 jyl
октября 2026 года

Қадірлі ұстаздар, ардақты педагогтер, білім саласының құрметті ардагерлері!

Ұстазға деген құрмет – халқымыздың қашанда қастерлі ұғымдарының бірі. Өйткені елдің ертеңін қалыптастыратын білім мен тәрбиенің бастауында ұстаз тұрады. Қазақтың ағартушылық жолында өшпес із қалдырған Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев сынды ұлт ұстаздары бар ғұмырын білім мен ғылымға, жас ұрпақтың сауаты мен санасын арттыруға арнады. Олардың өнегелі жолы – бүгінгі педагогтер үшін де биік бағдар.

Заман өзгеріп, білім беру жүйесі жаңарып, жаңа технологиялар мен тың мүмкіндіктер пайда болғанымен, ұстаз еңбегінің өзегі өзгерген жоқ. Ол – шәкіртке сапалы білім беріп қана қоймай, оның бойына адамдық қасиет қалыптастыру, елін сүйетін, еңбекті бағалайтын, жауапкершілігі мол азамат тәрбиелеу. Ұстаздың айтқан сөзі, берген білімі мен көрсеткен өнегесі шәкірт жадында ұзақ сақталып, оның өмір жолына бағыт береді.

Бұқар жырау ауданында өскелең ұрпаққа сапалы білім мен қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Биыл үш ауылда жаңа «Келешек мектептерінің» бой көтеруі – балаларымыздың сапалы білім алуына, шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытуына жаңа мүмкіндік ашты.

Білімдегі әрбір жетістік – ұстаз еңбегінің айнасы. Аудан оқушыларының пәндік олимпиадаларда, ғылыми жобаларда, шығармашылық және спорттық байқауларда жоғары нәтижелер көрсетуі, мектеп бітірушілердің ҰБТ-дан жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, еліміздің жоғары оқу орындарының гранттарына ие болуы – шәкіртке бағыт-бағдар берген ұстаздардың қажырлы еңбегінің жемісі.

Осы ретте ұрпақ тәрбиесіне бар күш-жігерін арнап жүрген барша педагогтерге, сондайақ саналы ғұмырын білім саласына арнаған ардагер ұстаздарға шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Сіздердің еңбектеріңіз – бүгінгі шәкірттің жетістігіне ғана емес, ауданымыздың, еліміздің болашағына қосылған бағалы үлес.

Құрметті ұстаздар! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық ізденіс пен еңбектеріңізге толайым табыс тілейміз. Шәкірттеріңіздің биік белестері сіздердің мерейлеріңізді еселеп, ұстаздық жолдағы абыройларыңыз асқақтай берсін!

Ұстаздар күні құтты болсын!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
Бұқар жырау ауданының әкімі

Асхат ӘЛИ,
Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы

Уважаемые педагоги, ветераны педагогического труда!

Примите самые искренние поздравления с профессиональным праздником – Днём учителя!

В жизни каждого человека есть учитель, которого он помнит спустя годы. Именно с него нередко начинается первый интерес к знаниям, вера в собственные силы и стремление узнавать больше. Поэтому труд педагога невозможно измерить только количеством проведённых уроков или учебных достижений. Его настоящий результат – в судьбах учеников, в их выборе, поступках и успехах.

История казахстанского просвещения знает немало выдающихся педагогов, для которых образование было делом служения народу. Традиции, заложенные Ыбраем Алтынсариным, Ахметом Байтурсыновым, Магжаном Жумабаевым и другими просветителями, сегодня продолжаются в ежедневном труде современных учителей. Меняются технологии, образовательные подходы и требования времени, но неизменным остаётся главное – желание дать ребёнку знания, поддержать его стремление к развитию и помочь найти своё место в жизни.

В Бухар-Жырауском районе создаются условия для дальнейшего развития системы образования. В этом году в трёх населённых пунктах появились новые школы «Келешек мектептері», призванные обеспечить детям современные возможности для обучения, творчества и всестороннего развития.

Особенно важно, что эти возможности находят отражение в результатах наших школьников. Они достойно представляют район на предметных олимпиадах, научных проектах, творческих и спортивных конкурсах. Высокие результаты выпускников на ЕНТ и получение образовательных грантов стали ещё одним подтверждением профессионализма педагогов, которые помогают своим ученикам ставить высокие цели и добиваться их.

В этот праздничный день выражаем глубокую признательность всем, кто посвятил себя обучению и воспитанию подрастающего поколения. Особые слова благодарности – ветеранам педагогического труда, чей многолетний опыт и преданность профессии являются частью образовательных традиций нашего района.

Уважаемые учителя! Желаем вам крепкого здоровья, семейного благополучия, вдохновения и новых профессиональных достижений. Пусть каждый успех ваших учеников становится вашей личной радостью, а уважение и благодарность воспитанников всегда будут лучшей оценкой вашего труда.

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
аким Бухар-Жырауского района

Асхат ӘЛИ,
председатель Бухар-Жырауского районного маслихата

«Бұқарекең жырлайды» байқауы дүбірледі

30 қыркүйекте ауданымызға қарасты Көкпекті ауылының Мәдениет үйінде дәстүрлі «Бұқарекең жырлайды» жыршы-жыраулар байқауы өтті.

Бұл дүбірлі шараға құрметті қонақтар болып жыршы-жырау, «Парасат» орденінің иегері Алмас Алматов, айтыскер ақын, «Алтын домбыра» иегері Еркебұлан Қайназаров, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы Мүгүлсім Шибаева, аудандық мәслихат төрағасы Асхат Әли, «Polymet Colutions Corporation» ЖШС-ң бас директоры Қуандық Қазанғапов келді.

Жыршы-жыраулар байқауын ауданымыз бен облысымызға танымал азамат Айтбай Жұмағұл жүргізді.

Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын келген қонақтармен, жас жыршы-жыраулармен, ақ жаулықты аналармен, аталармен жылы амандықтан соң, Бұқар жыраудың бюсті салтанатты ашылып, жыршы-жыраулар сыныбының тұсауы кесілген күнді еске алып, жыршылық өнердің халықаралық деңгейге шығып отырғанына тоқталды. Бұқар жыраудың шығармаларын ауданымыздың балалары мен жастары жатқа білсе деген тілегін жеткізді.

Онан соң сахна төрінде Алмас Алматов ағамыздың 70 жасқа толуына орай иығына шапан жапты. Еркебұлан Қайназаровтың да өнеріне бас иіп, оған да осындай сый-сияпат жасады.

Бұқар жырау оқулары – ұлттық рухты жаңғыртатын, ұрпақ пен тарихты жалғайтын тағылымды мектеп. Мұндай шаралар арқылы жас буын бабалар сөзінің қадірін ұғынып, ана тілінің байлығын сезінеді.

Бүгінгі жас – ертеңгі елдің тұтқасы. Ал оның бойындағы елдік сана мен ұлттық рухтың қалыптасуына осындай рухани шаралардың маңызы зор. Бұқар жырау оқулары жас талапкерлердің өнерін шыңдап, шешендік қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Сахнаға шыққан әрбір оқушы жыраудың сөзін жүрекпен жеткізуге, дауыс ырғағын сақтап, көрерменге ой салуға тырысты. Осы байқауға ауданымыздың мектептерінен 50-ге жуық өнерлі оқушы қатысты.

Байқаудың тағы бір маңызды қыры – оқушылардың тарихи тұлғаға деген құрметін қалыптастыру болды.

«Руханият» қосымша білім беру орталығынан келген Амантай Акишевтің оқушысы Көркем Сейітмұрат шараның басынан соңына жеткенше Бұқар жырау өмір сүрген дәуірді бейнелеуге отырды.

(Жыршы-жыраулар байқауы туралы толық материалды газетіміздің келесі санынан оқитын боласыздар).

Қ.АХМЕТОВА
Д.Торжановтың суреті

Динамика развития и ключевые показатели

28 сентября состоялась очередная, 49 сессия районного маслихата, в ходе которой аким района Ерлан Құсайын выступил перед депутатами с ежегодным отчетом о социально-экономическом развитии района. В своем выступлении глава региона отметил, что главным вектором развития остается укрепление экономического потенциала.

- Прежде всего, выражаю вам благодарность за совместную работу по реализации экономических реформ, определенных Главой государства, - сказал Ерлан Құсайын в начале своего выступления, обращаясь к депутатам. – В текущем году в нашем районе был выполнен ряд важных задач и достигнуты конкретные результаты. Вся эта работа была направлена на развитие региона и повышение благосостояния его жителей. Наша главная цель – создание благоприятных условий для населения и улучшение качества жизни граждан.

Главным индикатором эффективности работы за восемь месяцев текущего года стал рост экономики района, который составил 7%. По словам главы района, системная работа по развитию инфраструктуры и поддержке бизнеса дает свои плоды, позволяя достигать поставленных целей в социально-экономической сфере.

Основной акцент в выступлении был сделан на реализации государственных программ и выполнении задач, направленных на дальнейшее развитие региона.

Промышленный сектор остается важным звеном экономики района. Сегодня в этой отрасли успешно работают 45 предприятий, включая крупные угольные разрезы, горнодобывающие предприятия. В обрабатывающей отрасли занято более 3 тысяч человек.

Общий объем промышленной продукции достиг 172,3 млрд тенге, что на 18,4% превышает показатели аналогичного периода прошлого года. Горнодобывающая отрасль показала рост на 31% (86 млрд тенге). Обратывающиая промышленность прибавила 25,5%, выпустив продукции на 52,7 млрд тенге.

До конца года планируем выйти на показатель в 200 млрд тенге, отметил глава региона.

В своем выступлении Ерлан Құсайын также обозначил приоритетные направления работы: привлечение инвестиций, запуск новых производств и диверсификация экономики. По словам акима района, именно эти направления позволят создать новые рабочие места и обеспечить устойчивый рост экономики региона.

В своем отчете глава региона остановился на уже реализованных проектах в социальной сфере - образовании, медицине, культуре, а также озвучил планы на ближайшую перспективу в сфере сельского хозяйства, земельных отношений, малого и среднего бизнеса, туризма, развитии дорожной инфрастуктуры, строительстве и вводе жилья.

Аким района подробно рассказал о реализации проекта «Ауыл аманаты». В рамках проекта для каждого из 29 сельских округов были разработаны перспективные планы развития. В настоящее время вся работа ведется в соответствии с этими планами, отметил аким.

Как отмечалось в докладе, в период с 2023 по 2025 годы было реализовано 158 проектов на общую сумму 1,4 млрд тенге. С начала текущего года в СПК «Сары-Арка» было направлено 50 заявок стоимостью 613,5 млн тенге. На сегодняшний день профинансировано 24 проекта на 275,6 млн тенге. Остальные проекты находятся на стадии рассмотрения.

- Все принимаемые меры направлены на достижение главной цели - повышение уровня и качества жизни каждого жителя Бухар-Жырауского района, - подчеркнул Ерлан Бейсембайұлы.

Глава региона поблагодарил депутатов за плодотворную совместную работу. Е.Құсайын отметил, что слаженное взаимодействие депутатского корпуса и местных исполнительных органов позволяют оперативно реагировать на запросы населения и успешно решать актуальные задачи развития района.

А.ЖУМАКАЕВА

На фото Ж.Макишева: *аким района Е.Құсайын выступает с отчетным докладом, депутаты за работой; участники сессии – руководители отделов.*

Ақылдың қайнар көзі

1 қазан - Халықаралық қарттар күніне орай Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын Жаңақала ауылында баласының қолында тұрып жатқан Рымтай Аманбекова әжені төл мерекесімен құттықтады. Жүрегінен шыққан ақ тілектерін ақ әжеге арнады. Әже де толқып, өзін құттықтауға келген адамдарға ақ батасын берді.

Қарттар күні – үлкенді сыйлау, олардың өмір жолына құрмет көрсету және кейінгі ұрпаққа ізгілік пен адамгершіліктің маңызын ұғындыратын ерекше мереке. Бұл күн – қарт адамдарға көңіл бөліп, ақ батасын алып, өмірлік тәжірибесін бағалайтын күн.

Қазақ халқы ежелден қариясын құрметтеп, «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтпаған. Себебі, үлкендердің көргені мен түйгені – кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес тәрбие мектебі. Олар талай қиындықты бастан өткеріп, елдің дамуына өз үлестерін қосты. Сондықтан қарттарға қамқорлық жасау - әр адамның азаматтық әрі адамгершілік парызы.

Қарттар күні адамдарға ата-әжелерімізге жылы сөз айтып, хал-жағдайын сұрап, қолдау көрсетудің қаншалықты маңызды екенін еске салады. Үлкен кісінің көңілін көтеру үшін көп нәрсе қажет емес. Бір ауыз жылы сөз, шынайы ықылас пен аз ғана уақыттың өзі олар үшін үлкен қуаныш.

Ол кісінің балалары ауданымыздың басшысына аналары мен әкелерінің өмірбаяны, еңбек жолы туралы айтып берді. Рымтай әже 1934 жылдың 5 мамырында дүниеге келген. Алтын алқа иесі, Жаңақала ауылында 45 жылдан аса сабір дауылда осы үйдің шатыры ұшып кеткен болатын. Ауданымыздың басшысы осы үйдің шатырын жөндеуге, үйдің ішінде қозғалуға арналған қолбаға қол жеткізуге ықпал еткенін айта кеткен жөн болар.

Ана өмірге 10 бала әкелген. Отағасы өмірден ерте кетіп, балаларын анасы жалғыз өсірген екен. Әкелері де мал бағып, аянбай еңбек еткен жан болғанын айтады балалары. Бүгінде 8 баласы ұрпағын өрбітіп, 28 немересі, 10 шөбересі туған жерінде еңбек етуде.

Әженің мерекесінің құрметіне аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары да шаңыраққа келіп, ана туралы әндер шырқап, әже мен отбасына ерекше көңіл-күй сыйлады.

Ауылдың берекесі – маңдай термен келген еңбекте. Таңның атысынан күннің батысына дейін тыным таппайтын еңбекте жүретін ауыл адамдарының әрбіреуінің еңбегі ерекше.

Солардың қатарында ел дастарханына ақ өнім жеткізіп, мал шаруашылығының дамуына үлес қосқан еңбек адамының еңбегі ерекше.

Жас ұрпақ қарттардың өмір тәжірибесінен көп нәрсе үйренеді. Үлкендердің ақылын тыңдау, салт-дәстүрді құрметтеу, еңбекқорлық пен сабырлылықты бойға сіңіру – адам тәрбиесіндегі маңызды құндылықтар.

Қарттар күні - бір күндік мерекемен шектелмейтін, үлкенге деген құрметті күнделікті өмірде көрсетуге шақыратын маңызды күн. Осы күні ауданымыздың басшысы ауылына сыйлы отбасымен, ақ әжемен біршама уақыт сұхбат құрып, үлкенге, еңбек адамына, анаға деген ерекше құрметімен осы шаңыраққа жиналған адамдарға әдемі сәттер сыйлады, ойлантты, көздеріне жас алғызды.

Қ.АХМЕТОВА

Д.Торжановтың суреттерінде: *аудан басшысы мен Рымтай ананың отбасы; баласымен сұхбат; өнерпаздардың ән шашуы.*

Жөндеу жұмыстарымен танысты

Өткен аптада Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын Ботақара кентінің орталығында жөнделіп жатқан саябаққа барып, мекемелер басшыларымен бірге осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстармен танысты.

Аудан әкімінің орынбасары Саят Бекенбаев пен кент әкімі басшысының міндетін атқарушы Ертарғын Құрашев аудан басшысын жөндеу жұмыстары басталған уақыттан бері істелген жұмыстармен таныстырды. Балалар алаңының біршама материалдары осы жердегі гаражда сақталып тұрғанын айтады кент әкімдігінің өкілі. Осы уақытқа дейін біршама жөндеулер өткен екен. Бірақ парктің ішінде әрбір жерде жөндеу жұмыстарынан қалған қалдықтар жатыр. Бұл күні мердігердің өкілі кездесуде болған жоқ.

Аудандағы саябақтың жаңаруы тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Мұнда балалар ойнап, жастар спортпен шұғылданып, үлкендер таза ауада серуендей алады. Айналаны көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстары ауданымыздың сәулеттік келбетіне де әсерін тигізеді.

Жөндеу жұмыстарының мақсаты – елді мекенді жасылдандыру және абаттандыру болып табылады. Бұрыннан бар орталық паркті абаттандыру үшін ағымдағы жөндеу жұмыстарын атқарып жатқан «Standar Enerdy» ЖШС. Жөндеу жұмыстары келесі жылға өтпелі болып табылады.

Осы күні Ерлан Бейсембайұлы Даңқ алаңына да барып, жүргізілген жөндеу жұмыстарымен танысты. Бұл жерде мердігер 30 метр ұзындықта ту тұғырын қоюды, 2х4 мемлекеттік туды биікке іліп қоюды, тозған жерлердегі тас төсемені алып тастап, орнына жаңасын төсеуді, декорациялық жарықтандыруды орнатуды жоспарлаған.

Елді мекен маңайын абаттандыру – Даңқ алаңында ағымдағы жөндеу өткізу, тас төсеме мен жиек тас орнату жұмыстарын атқаруды «Жуалы аманаты» корпоратив қоры қолға алған. Бұл жұмыстар да соңына жеткізілмеген, әрі қарай жалғасады. Осы алаңның да жұмыстарының барысын бақылаған өңіріміздің басшысы атқарылған жұмыстың кемшін тұстарына назар аударып, әлі кеш болып қалмай тұрғанда, толығымен жоюды тапсырды.

Даңқ алаңындағы абаттандыру әрі көріктендіру жұмыстарының мақсаты – аумақты жаңартып, аудан қонақтары үшін қолайлы және көрікті орта қалыптастыру. Алаңның сәулеттік келбетін сақтау және оның тарихи-мәдени маңызын ескеру жұмыстың басты бағыттарының бірі болып табылады. Жаңарту барысында қолданылатын материалдар аумақтың жалпы көрінісімен үйлесімді, дұрыс жарықтандырылатын болуына мән беруді тапсырды ауданымыздың басшысы,

Абаттандыру жұмыстары аяқталғаннан кейін Даңқ алаңының келбеті жаңарып, ол жерге талдар отырғызылып, уақытымен суарылып, жасыл желек саясында тұрғындардың демалуына және қоғамдық іс-шараларды өткізуге қолайлы жағдай жасалады.

Ерлан Бейсембайұлы мердігердің өкіліне сылау, сырлау, жапсыру жұмыстары жылы ауа-райын пайдаланып, өткізілу керектігін айтты.

Жұмыстарды сапалы әрі белгіленген талаптарға сәйкес орындау - ауданымыздың басшылығының назарында. Аумағымызды абаттандыру ауданымыздың көркін арттырып, қоғамдық кеңістіктердің жайлылығын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қ.АХМЕТОВА

С.Жұмақаевтың суреттерінде: *орталық саябақ және Даңқ алаңындағы жұмыстармен танысу сәттерінен.*

Безопасность сельчан – в приоритете

В селе Умуткер в рамках программы «Ауыл құтқарушылары» после реновации открылся пожарный пост.

Добровольное противопожарное формирование будет обеспечивать противопожарную защиту трех населенных пунктов Умуткерского сельского округа – села Тортколь, Ульга и Умуткер. В общей сложности здесь проживает свыше 1200 человек.

На торжественном открытии присутствовали заместитель начальника ДЧС Карагандинской области Думан Далешов, аким района Ерлан Құсайын, а также личный состав подразделения государственной противопожарный службы, ветераны и жители села.

Открывая мероприятие, подполковник гражданской защиты Д.Далешов отметил, что открытие поста пожаротушения позволит значительно сократить время реагирования на чрезвычайные ситуации и повысить уровень безопасности сельских жителей. Он также отметил, что обновление пожарных подразделений – важная часть комплексной работы по созданию современных условий для спасателей.

Представитель ДЧС выразил благодарность местным исполнительным органам за поддержку программы «Ауыл құтқарушылары», главная цель которой - повышение уровня безопасности в сельских населенных пунктах. В знак признательности он вручил благодарственное письмо акиму Умуткерского с/о Ерсіну Залелову.

Пожарный пост в селе Умуткер был открыт в 2025 году. Он разместился в свободных помещениях здания аппарата акима сельского округа. За счет спонсорской помощи к зданию был пристроен специальный бокс для пожарной автоцистерны.

Однако помещение требовало капитального ремонта. В рамках реновации заменили кровлю, а также отремонтировали все помещения пожарного поста. На эти цели из местного бюджета было выделено 12 млн. тенге.

Обновлённый пожарный пост оснащён необходимой инфраструктурой для несения службы, личный состав обеспечен форменным обмундированием. На баланс передана пожарная автоцистерна АЦ-40 (ЗИЛ-131). В здании оборудованы комнаты для дежурного персонала, отдыха и приема пищи, есть душевая. Имеется телефонная и радиосвязь. В зимнее время помещение будет отапливаться от котельной.

В пожарном подразделении работает три человека. Они несут службу в круглосуточном режиме.

– Пост укомплектован из числа местных жителей, которые предварительно прошли обязательную профессиональную подготовку в Департаменте по ЧС, - говорит руководитель районного отдела по ЧС Владимир Малышкин. – Основными задачами подразделения являются оперативное тушение пожаров в населенных пунктах и в степных массивах, а также проведение неотложных аварийно-спасательных работ на территории Умуткерского сельского округа.

Жители села, пришедшие на открытие, смогли ознакомиться с обновлённым пожарным постом во время небольшой экскурсии.

Вместе с представителем ДЧС и акимом района сельчане прошлись по всем помещениям, оценили уровень оснащенности и комфортные условия для работы пожарных.

Председатель совета аксакалов Айдар Акпанбаев не скрывает своей радости: для села это событие долгожданное. Аксакал поблагодарил ДЧС и руководство района за внимание к селу и его жителям, их безопасности.

- Раньше до нас пожарным приходилось добираться издалека – ближайшая часть расположена за 60 километров, в районном центре, пожарные посты в селах Акбел и Керней тоже находятся не близко - за десятки километров. Теперь же, когда спасатели рядом, мы чувствуем себя под надежной защитой и уверены, что в случае ЧС помощь придет быстрее. Спасибо всем, кто помог сделать наше село безопаснее, - говорит Айдар Кенжебекович.

Напомним, это уже третий пожарный пост, открытый в Бухар-Жырауском районе по программе МЧС РК «Ауыл құтқарушылары». Ранее добровольные пожарные формирования были открыты в селах Акбел и Баймырза.

А.ЖУМАКАЕВА

На фото Ж.Макишева: *аким района Е.Құсайын с местными аксакалами; Д.Далешов и Е.Залелов; личный состав пожаного поста; снимок на память.*

Еңбек адамдарын марапаттады

ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Еңбек – адам өмірінің мәнін айқындайтын, қоғамның дамуына жол ашатын құндылық. Еңбек арқылы адам өз қабілетін шыңдап, мақсатына жетеді. Ал маңдай терімен атқарылған жұмыс елдің өркендеуіне үлес қосалды. Сондықтан Еңбек күні – адамның еңбегін бағалап, еңбек адамын құрметтеуге үндейтін мереке.

Қоғамда елдің әл-ауқаты қарапайым еңбек адамдарының қажыр-қайратына байланысты.

Әр маман өзінің жұмыс орнында белгілі бір жұмысты атқарады. Дәрігер адамды емдесе, диқаншы егін өсіреді, ұстаз бала оқытады, спортшы үлкен жетістіктер көрсетуге ұмтылады. Осылардың барлығының еңбегі бір үлкен қамбаға құйылып, адамдардың әлеуметтік жағдайын өсіруге әсерін тигізеді.

29 қыркүйекте Бұқар жырау аудандық әкімдігінің мәжіліс залына аудан әкімі Ерлан Құсайын, аудандық мәслихат төрағасы Асхат Әли, әкімнің орынбасарлары, еңбек адамдары жиналды.

Олардың әрқайсысы өз еңбегімен ел ырысын арттырып жүрген қажырлы да қайратты адамдар. Жасампаздықпен еңбек етіп, ең алдымен өздері тұрып жатқан елді мекеннің, онан соң ауданының, облысымыз және республикамыздың молшылығын қамтамасыз етіп жүрген адамдардың басын қосу, алғыс айту – ауданымызда жыл сайынғы дәстүрге айналған.

- Еңбек адамдарына құрмет көрсетіліп, төрге озырып, лайықты сый-сияпаты жасалып жатыр елімізде. Бұл – өте дұрыс дәстүр деп есептеймін. Кез-келген игіліктің арғы жағында, кез-келген жетістіктің бастауында, өңірдің өркендеуінде, мемлекеттің гүлденуінде, қоғамның дұрыс бағытта дамуына еңбек адамдары себепші. Біздің үлкендеріміз баланы жастайынан еңбекке баулыған, «Еңбек түбі – береке» деп адал еңбек, табан ақы, маңдай терімен тапқан астың қадірі бар екендігін жасынан ұғындырған. Біреудің ала жібін аттамай, жұмыс істе, адал бол, халыққа қалтқысыз қызмет ет деп тәрбиеледі, Орал Адамовты, Борантай Мұнтахинді марапаттады.

Онан соң Қуандық Орынбекұлы мен Майгүл Насырқызына сөз берілді. Аудандық мәслихаттың төрағасы Асхат Сағадиұлы еңбек адамдарын мерекемен құттықтады.

- Осы залда отырған қонақтарды еңбектеріңіздің еленуімен шын жүректен құттықтаймын. Абай атамыздың қара сөздерін алсақ та, үлкен, кіші шығармаларын алсақ та еңбекке арналғаны көрініп тұрады. «Еңбек етсең ерінбей», «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан» дейді. Осы сөздер әрбір ойы бар адамды еңбекке баулитыны сөзсіз. Көпшілігіңізді жақсы танимын. Өндіріс, ауыл шаруашылығы, мәдениет пен өнер саласында көптеген жылдар еңбек етіп келесіздер. Өздеріңіз тәрбиелеп жатқан жастар мекемелерге келіп жатыр. Ел үшін жасап жүрген еңбектеріңіз үшін алғысымды айтамын. Ауданымыз, еліміз көркейе берсін, мереке құтты болсын, отбасыларыңызға қуаныш тілеймін, - деді.

Өзінің еңбегімен елге өнеге болып жүрген адамдарын ескеру, үлгі ету үшін «Еңбек адамы – ел мақтанышы» деген жоба бойынша үздік нәтиже көрсеткен жұмысшыларымызды әлеуметтік желілерде, ақпарат құралдарында насихаттау, ынталандыруды қолға алу керек деп ойлаймын. Комиссия құрылып, еңбек күніне арналған шаралар өткізіліп, үздіктерді анықтап, кәсіподақ өкілдерімен бірлесе отырып оларды ақшалай, басқаша түрде ынталандырса деген ойын айтты Ерлан Бейсембайұлы.

Шараның соңында жиналғандар естелік суретке түсті.

Қ.АХМЕТОВА

Ж.Макишевтің суреттерінде: *Қ.Қазанғаповты марапаттау сәті; еңбегі елінген азаматтар; естелік сурет.*

Ауыл шаруашылығы дамыған ауданымызда 50-ге тарта ірі өнеркәсіп бар. ««Сарыарқа» Арнайы Экономикалық Аймағы» біздің ауданымызда орналасқан, көмір өндіретін разрездер де бізде. Оларда 3 мыңнан астам адам еңбек етеді, - деді өз сөзінде ауданымыздың басшысы.

Еңбек адамдарын мерекелерімен құттықтап, ақ тілектерін арнады.

Онан соң салтанатты марапаттау рәсімі басталды. Ортаға Ерлан Бейсембайұлы шығып, «Polimet Solitions Corporation» ЖШС-ң басшысы Қуандық Қазанғаповты, Мейрам Қойкеловты, Гүлнара Мырзатаеваны, Сәбит Шержановты, Тойбек Исабековты, Жанар Құлбабинаны, Жәмила Баянбаеваны аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен марапаттады.

Аудан әкімінің Алғыс хатымен Дулат Балтинді, Майгүл Асқарованы, Табиғат Тілеуқа-

Спасибо за мудрость и тепло!

Первое октября в Ботакаре выдалось по-особенному светлым и душевным. В районном Доме культуры состоялся большой праздник, посвященный Международному дню пожилых людей. Праздничная программа «Мәңгілік ізгілік – ақ жаулықты әжелер мен ақсақалдар» стала настоящим признанием в любви к представителям старшего поколения.

Зал был полон улыбок и тепла: гости пришли на торжество в нарядных костюмах, в приподнятом настроении. Разделить этот день с ветеранами труда и почетными жителями поселка пришли аким района Ерлан Құсайын и председатель районного маслихата Асхат Әли.

Перед началом праздничного концерта гости могли окунуться в атмосферу прошлого. Районный историко-краеведческий музей подготовил трогательную экспозицию предметов прошлых лет. Торшер, кружевные салфетки, деревянные этажерки, сервиз «Рыбка» и даже авоська – все эти предметы быта вызвали у многих ностальгические воспоминания.

Районная библиотека организовала книжную выставку «Құрмет төрінде - қазыналы қариялар», посвященную активному долголетию.

Продолжением праздника стало чаепитие в малом зале, организованное районным Домом культуры, акиматом поселка и отделом занятости и социальных программ. За щедро накрытым дастарханом время пролетело незаметно: пенсионеры общались, делились историями из жизни и с удовольствием подпевали хору «Дәурен-ай». Когда зазвучали знакомые мелодии – «Ботақара вальсі» и авторская песня Татьяны Закировой «Дәурен-ай», - небольшой зал наполнился особой теплой атмосферой праздника.

Труженица тыла Раиса Петровна Коваленко, не скрывая эмоций, поблагодарила акима района Ерлана Құсайын за внимание.

– Спасибо, что вы всегда рядом, помните о нас и окружаете такой искренней заботой. Для нас это самая большая ценность, - говорит ветеран труда.

Этот день еще раз напомнил всем, что старость – это время мудрости, а внимание к старшим – это не просто дань традиции, а проявление нашей общей человечности. Именно об этом говорил аким района Ерлан Құсайын, обращаясь к ветеранам на торжественной встрече.

Говоря о развитии региона, аким района отметил, что все современные достижения – новые социальные объекты, инфраструктурные проекты – это продолжение того дела, которое когда-то начинали нынешние ветераны.

– Ваше поколение – это фундамент, на котором мы строим будущее, - сказал Ерлан Бейсембайұлы. - Сегодня очень многое делается в стране в целом и в районе в частности. Строятся новые здания, вводятся в эксплуатацию социальные объекты, реализуются крупные инфраструктурные проекты. Для этого выделяются огромные бюджетные средства. Нынешние успехи страны - это результат кропотливого труда людей, которые работали на совесть, не жалея сил для процветания родного края.

Глава региона подчеркнул, что за плечами каждого из присутствующих – огромный жизненный путь, бесценный опыт и воспитание, на котором держится наше общество.

Ерлан Құсайын поблагодарил ветеранов за их вклад в развитие района и пожелал самого главного – крепкого здоровья, долгих лет жизни и семейного уюта в кругу близких.

Мероприятие продолжилось праздничной концертной программой с участием творческих коллективов нашего района.

